

**«Орталық Азиялық Электрэнергетикалық Корпорация»
акционерлік қоғамының**

(«ОАЭК» АҚ)

Бірінші облигациялық бағдарламаның шектерінде облигациялардың екінші шығарылымының Проспектісі

Шығарылым	екінші
Облигациялардың түрі	купондық облигациялар, қамтамасыздығы жоқ
Шығарылымның көлемі	5 000 000 000 (бес миллиард) теңге
Облигацияның номиналы	100 (бір жүз) теңге
Даналар саны	50 000 000 (елу миллион) дана
Шығарылымның нысаны	құжатсыз

Облигациялар шығарылымының уәкілетті органның мемлекеттік тіркегені инвесторларға проспектіде суреттелген облигацияларды сатып алуға қтысты қандай да бір ұсыныстамаларды білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта берілген ақпараттың деректілігі үшін жауапкершілік көтермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі тек Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарастырылады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде берілген ақпараттың деректілігі үшін жауапкершілік көтереді және онда ұсынылған бүкіл ақпарат деректі және инвесторларды Эмитентке және оның облигацияларына қатысты адастыруға соқпайтын болып табылатынын растайды.

Алматы қаласы, 2015 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Орталық Азиялық Электрэнергетикалық Корпорация» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Эмитент) Бірінші облигациялық бағдарламасы шығарылымының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Эмитенттің облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

Облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні – Бірінші облигациялық бағдарламаның шығарылымының проспектісін уәкілетті орган 2013 жылғы 10 қыркүйекте тіркеген;

Оның шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын бірінші облигациялық бағдарламаның ақшалай түрдегі көлемі – 15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге;

Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі – бірінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі 2 (екінші) облигациялар шығарылымы;

Облигациялық бағдарламаның шектерінде осының алдындағы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер:

Бірінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде Облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісінің уәкілетті органда тіркелген күні – 2013 жылғы 10 қыркүйек;

Облигациялардың саны – 100 000 000 (бір жүз миллион) дана;

Шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі – 10 000 000 000 (он миллиард) теңге;

Бірінші облигациялық бағдарламаның әр шығарылымы бойынша бөлек орналастырылған облигациялардың саны – 22 761 830 (жиырма екі миллион жеті жүз алпыс бір мың сегіз жүз отыз) дана;

Облигациялық бағдарламаның шеңберінде бұрын шығарылған облигациялар өздерінің иеленушілеріне беретін құқықтар, соның ішінде шектеулер (ковенанталар) бұзылған кезде іске асырылған және иеленушілермен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісімшарттармен көзделген құқықтар иеленушілердің аталған құқықтарын іске асыру тәртібін көрсетумен:

- Облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісімен көзделген мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу;
- Бірінші облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген мерзімдерде сыйақы алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте ақпарат алу;
- өздеріне тиесілі облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге түрде билік ету;
- «Бағалы қағаздар туралы» 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4-ші бабымен айқындалған жағдайларда, орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап ету;
- Облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісінде көрсетілген, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы ұсынған ковенанталар бұзылған жағдайда, орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап ету;
- облигацияларды өтеу кезінде Эмитенттің айыбынан купондық сыйақы және/немесе олардың номиналды құны төленбеген, сондай-ақ ішінара төленген жағдайда, Эмитенттен облигациялар бойынша негізгі борыштың және есептелген сыйақы сомасын, сондай-ақ мерзімі кешіктірілген әр күн үшін ақшалай міндеттеменің немесе оның тиісті бір бөлігінің орындалу күніне қарай (яғни, ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге қарай) қолданыстағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептелетін орындалмаған міндеттеменің сомасына өсімпұл төлеуді талап ету;
- облигацияға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

- Бірінші облигациялар шығарылымы проспектісімен көзделген негіздер орын алатын кезде, соның ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы ұсынған ковенанталар бұзылатын кезде, облигацияларды иеленушілер Эмитенттен жинақталған сыйақыны ескергенде, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы. Облигациялардың өтеуін төлеп алу Бірінші облигациялар шығарылымы проспектісінде көрсетілген мерзімде облигацияларды иеленушілерге ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады.

Облигацияларды иеленушілердің талап етуі бойынша облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу көзделмеген. Эмитенттің шығарылған облигацияларының шеңберінде облигациялар шығарылымы проспектісінің және иеленушілермен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісімшарттарының шарттарына сай иеленушілердің құқықтары бұзылған жоқ.

3. Бірінші облигациялық бағдарламаның шектерінде қамтамасыздығы жоқ облигациялардың екінші шығарылымының құрылымы:

- 1) облигациялардың түрі - купондық облигациялар, қамтамасыздығы жоқ;
- 2) шығарылатын облигациялардың саны және облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:
шығарылатын облигациялардың саны - 50 000 000 (елу миллион) дана;
облигациялар шығарылымының номиналды құны бойынша жалпы көлемі – 5 000 000 000 (бес миллиард) теңге.
- 3) бір облигацияның номиналды құны – 100 (бір жүз) теңге;
- 4) облигациялар бойынша сыйақы:

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:

Облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі орнықтырылған болып табылады және облигациялардың номиналды құнынан жылдық 6,00% (алты пайыз) құрайды.

Одан сыйақы есептеу басталатын күн:

Одан купондық сыйақы есептеу басталатын күн облигациялардың айналысы басталатын күн болып табылады.

Облигациялардың айналысы басталаты күн – облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілетін күн.

Сыйақы төлеу мерзімділігі және күндері:

Облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу жылына екі мәрте, тиісінше 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы есебімен жүргізілетін болады. Купондық сыйақы төлеу облигациялардың айналысы басталған күннен бастап, жыл сайын өтелу мерзіміне дейін әрбір 6 (алты) ай сайын жүргізілетін болады.

Сыйақы төлеу тәртібі және шарттары:

Купондық сыйақы төлеу үшін облигацияларды иеленушілерді тіркеу ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына қарай жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша сыйақы ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына қарай (тіркеушінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) жағдай бойынша оны алу құқығына ие болатын тұлғаларға төленетін болады.

Купондық сыйақы төлеу үшін тіркеу ол үшін төлемақылар жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушілердің банктік шоттарына ақша аудару жолымен жүргізілетін болады.

Облигацияларды иеленуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, купондық сыйақының төлемі Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болған жағдайда, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушілердің банктік шоттарына теңгеде жүргізілетін болады.

Сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні қалғаннан кешіктірмей, облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбастау төлемақыны жүзеге асыру күніне қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша төлемақыны жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің пайдасына айырбастауға жол берілмейді. Облигациялар бойынша купондық сыйақы облигациялардың номиналды құны мен жылдық купондық сыйақы мөлшерлемесінің және купон есептелетін кезеңдегі күндердің санының (бір айда 30 күн есебімен) 360-қа бөлінген көбейтіндісі ретінде есептеп шығарылады.

Сыйақының есебі үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

Сыйақының (купонның) есебі үшін 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыттық базасы қолданылады.

Индексацияланған облигациялар шығарылымы кезіндегі есептердің тәртібі:

Облигациялар шығарылымы индексацияланған болып табылмайды.

Егер сыйақы мөлшерлемесі орнықтырылған болып табылмаса, оның мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі:

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі орнықтырылған болып табылады.

5) Облигациялардың айналысы және өтелуі туралы мәліметтер:

Облигациялардың айналысы басталатын күн:

Облигациялардың айналысы облигация «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізілген күннен басталады.

Онда облигациялардың айналысы жоспарланатын нарық:

Облигациялардың айналысы ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарықта жоспарланады.

Облигациялардың айналысының мерзімі және олардың өтелу шарттары:

Облигациялардың айналысының мерзімі – айналыс басталған күннен бастап 10 (он) жыл. Облигациялар айналыс кезеңі аяқталғаннан кейін сонымен бір мезгілде облигациялардың айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды иеленушілердің ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен соңғы кезең үшін сыйақы төлеумен бірге, теңгедегі номиналды құны бойынша өтеледі. Облигацияларды иеленуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, купондық сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болған жағдайда, облигацияларды иеленушілердің тізілімінде көрсетілген деректемелер бойынша облигацияларды иеленушілердің банктік шоттарына теңгеде жүргізілетін болады.

Сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні қалғаннан кешіктірмей, облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбастау төлемақыны жүзеге асыру күніне қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша төлемақыны жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің пайдасына айырбастауға жол берілмейді. Соңғы кезең үшін негізгі борышты және сыйақыны (купонды) алуға ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басына қарай жағдай бойынша облигацияларды иеленушілердің тізілімінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар.

Облигациялардың өтелу күні:

Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 жыл өткен соң.

Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын:

Облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құнын төлеу және соңғы кезең үшін сыйақы төлеу Эмитенттің атқарушы органының орналасқан жері бойынша жүргізілетін болады: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 89

Облигацияларды өтеу тәсілі:

Ақшалай – облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу Эмитенттің облигацияларды иеленушілердің тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды иеленушілердің банктік шоттарына ақша аударуы мен қазақстандық теңгеде жүзеге асырылады. Егер облигацияларды иеленуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда, теңгеде жүргізілетін болады.

Сыйақы төлеуді жүзеге асыру кезінде теңгені валютаға (тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға) айырбастауға Эмитент ол үшін сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні қалғаннан кешіктірмей, облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Аталған айырбастау төлемақыны жүзеге асыру күніне қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің есебінен жүргізілетін болады.

Облигациялар бойынша төлемақыны жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға облигацияларды иеленуші – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің пайдасына айырбастауға жол берілмейді.

6) Облигациялар бойынша қамтамасыздық:

Облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.

7) Облигацияларды иеленушілердің өкілі туралы мәліметтер:

Облигацияларды иеленушілердің өкілі ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушысы болып табылатын және өзінің қызметтерін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттің 22.09.2004 жылғы № 0401200886 брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясының негізінде ұсынатын «Сентрас Секьюритиз» АҚ әрекет етеді.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның мүшесі және Қазақстанның Қаржыгерлер қауымдастығының мүшесі болып табылады.

«Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның орналасқан жері: Алматы қаласы, Манас көшесі, 32 А, тел. 8 (727) 259 88 77, факс 8 (727) 259 88 87.

Облигацияларды иеленушілердің мүдделерін білдіру туралы 28.04.2015 жылғы № 05.2015/20-01 келісімшарт.

8) Тіркеуші туралы мәліметтер:

Эмитенттің бағалы қағаздарды иеленушілерінің тізілімін жүргізуді және сақтауды «Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» акционерлік қоғамы жүзеге асырады.

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесі, 30а/3,

Тел. 8 (727) 272-69-40

Бағалы қағаздарды иеленушілерінің тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі 2014 жылғы 01 қаңтардағы № 489 келісімшарт.

9) Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитенттің екінші облигациялар шығарылымының андеррайтері «Астана-Инвест» Инвестициялық Үйі» АҚ болып табылады (номиналды иеленуші ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік

қызметпен айналысуға 2014 жылғы 02 желтоқсандағы № 4.1.1.221 лицензиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген);

Ұйымның орналасқан жері – 050002 Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 32, 5-ші қабат;

Тел: +7(727)330 70 94, факс: +7(727) 258 43 41;

Келісімшарттың күні және нөмірі – 2015 жылғы 30 наурыздағы №07/001-15/17-02 андеррайтингтік қызметтер көрсету туралы келісімшарт;

Бірінші басшысы – Басқарма Төрағасы Карягин А. В.

10) Төлем агенті туралы мәліметтер:

Төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйақы мен облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құнын төлеуді Эмитент дербес жүзеге асыратын болады.

11) Облигация оны иеленушіге беретін құқықтар:

Эмитенттің облигацияларын иеленушілердің төмендегілерге құқығы бар:

- осы Проспектімен көзделген мерзімдерде облигациялардың номиналды құнын алу;
- осы Проспектімен көзделген мерзімдерде сыйақы алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте ақпарат алу;
- өздеріне тиесілі облигацияларды еркін иеліктен шығару және өзге түрде билік ету;
- «Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 02 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 15-ші және 18-4-ші баптарымен айқындалған жағдайларда, орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап ету;
- осы Проспектінің 3-2-ші тармағында көрсетілген «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы ұсынған ковенанталар бұзылған жағдайда, орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап ету;
- облигацияларды өтеу кезінде Эмитенттің айыбынан купондық сыйақы және/немесе олардың номиналды құны төленбеген, сондай-ақ ішінара төленген жағдайда, Эмитенттен облигациялар бойынша негізгі борыштың және есептелген сыйақы сомасын, сондай-ақ мерзімі кешіктірілген әр күн үшін ақшалай міндеттеменің немесе оның тиісті бір бөлігінің орындалу күніне қарай (яғни, ол үшін төлемақы жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнге қарай) қолданыстағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептелетін орындалмаған міндеттеменің сомасына өсімпұл төлеуді талап ету;
- облигацияға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Облигацияларды иеленушілердің талап етуі бойынша облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу көзделмеген.

Осы Проспектімен көзделген негіздер орын алатын кезде, соның ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингтік комиссиясы ұсынған ковенанталар бұзылатын кезде, облигацияларды иеленушілер Эмитенттен жинақталған сыйақыны ескергенде, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша облигациялардың өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы. Облигациялардың өтеуін төлеп алу осы Проспектінің 3-2-ші тармағында көрсетілген мерзімде облигацияларды иеленушілерге ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады.

11-1) Олар орын алған соң Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар көрсетіледі:

Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға – Облигациялар бойынша төлем міндеттемелерін орындамау;

Эмитенттің осы Проспектте көрсетілген негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны төлеу уақыты аяқталған күннен кейінгі күннен бастап облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) сыйақы сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе лайықты орындамауы.

Жауапкершіліктен босату.

Эмитент облигацияларының сыйақысын және/немесе номиналды бағасын төлемеу немесе толық төлемеу, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Эмитентке сыйақыны және/немесе

номиналды бағаны төлеуге мүмкіндік бермейтін немесе Тіркеуші тарапынан Эмитентке облигация ұстаушылар реестрін заңнамада және онымен жасалған келісімшартта көрсетілген мерзімде бермеген жағдайда Эмитент тарапынан облигация ұстаушылардың банк шоты реквизиттерін дұрыс емес немесе толық емес алуы нәтижесінде болса, облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер орындамаушылық дүлей күш себебінен болса. Дүлей күш ретінде оның болуын болжау не алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (стихиялық оқиғалар, әскери қимылдар, шектеуші не болдырмаушы сипаттағы өкілетті органдардың әрекеттері) есептеледі. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде, Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі дүлей күш орын алған уақыт кезеңі мөлшеріне шегеріледі.

Эмитент облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда қабылдайтын шаралар, облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиіссіз түрде орындалған кезде облигацияларды иеленушілердің құқықтарын қорғау процедуралары, соның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі және шарттары:

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент облигациялар ұстаушылардың пайдасына қаржылық міндеттемелерді орындау күні немесе күннің бөлігі (яғни төлем жасалған кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күн) бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесіне сәйкес, кешіктірілген әрбір күн үшін үстемеақы төлеуі және аударуы тиіс.

Дефолт орын алған жағдайда Эмитент Эмитенттің тиісті органымен Облигациялар ұстаушылар құқықтарын сақтау мақсатында дефолттың туындауына себеп болған жағдайларды жою жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда Эмитент тарапынан Эмитенттің төлем қабілетін қалпына келтіру және өарызын өтеу шаралары жүзеге асырылады, оның ішінде кез-келген қайта ұйымдастырушылық, ұйымдастырушылық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, техникалық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қарсы келмейтін өзге де шаралар, оның ішінде шектеусіз:

- 1) әкімшілік шығындарды қысқарту, оның ішінде ұызметкерлердің штаттық санын қысқарту арқылы;
- 2) қолда бар активтерді жүзеге асыру;
- 3) ағымдағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатымен Эмитент кредиторларымен келіссөздер жүргізу;
- 4) Эмитенттің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде өзіндік капиталды арттыру мақсатымен Эмитент акционерлеріне үндеу тастау;
- 5) Облигация ұстаушылармен есептесу үшін қосымша қаржыландыру тарту;
- 6) Қайт құрылымдау жоспарына сәйкес және кредиторлармен келісе отырып, міндеттемелерді қайта құрылымдау.

Оған орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмауының себептері, сондай-ақ Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған, не болмаса тиіссіз түрде орындаған жағдайда, Эмитентке, Эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақтас немесе біріккен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талаппен жүгіну тәртібін қоса алғанда, облигацияларды иеленушілердің өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізімі кіруге тиіс дефолт фактілері туралы ақпаратты Эмитенттің облигацияларды иеленушілердің назарына жеткізу тәртібінің, мерзімінің және тәсілінің суреттемесі:

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда, Эмитент облигацияларды иеленушілерді осы Проспектімен көзделген шарттар бойынша міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігі туралы осы Проспектімен купондық сыйақы және/немесе облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құнын төлеу үшін белгіленген кезең аяқталғанға дейін үш жұмыс күні қалғаннан кешіктірмей, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында, қаржылық есеп-қисап депозитарийінің www.dfo.kz сайтында және Эмитенттің www.caerco.kz сайтында құрамына төмендегі ақпарат кіретін тиісті хабарды орналастыру арқылы хабарландыруды міндетіне алады:

- 1.1) дефолт күніне қарай Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі туралы;

- 1.2) міндеттемелердің орындалмауының себептері туралы;
- 1.3) олардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібін және мерзімдерін қоса алғанда, облигацияларды иеленушілердің өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттері туралы;
- 1.4) Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Көрсетілген ақпаратты ашуды өзге заңды тұлғаға тапсыру қарастырылмаған.

Эмитент дефолт туындаған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт әсеріне туындаған жағдайларды жою үшін барлық шараларды жүзеге асыруы қажет (дүлей күштен болған жағдайлар әсерлерін есепке алмағанда). («Кешіктіру кезеңі»). Мұндай жағдайлар жойылмаған жағдайда кешіктіру кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитенттен оған тиесілі облигацияларды Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қою жолымен сатып алуды талап етуге болады.

Мұндай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент талапты алған күннен кейін 30 (отыз) күннен кешікпейтін мерзім ішінде облигацияларды сатып алу күнін белгілейді және облигация ұстаушыларды алда болатын облигацияларды сатып алу күні туралы облигациялар ұстаушыларды хабарландыру, сондай-ақ, тиісті ақпаратты «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында және Эмитенттің www.caerpc.kz сайтында жариялау арқылы ақпараттандырады.

Эмитент облигациялар ұстаушылардың талаптарына сәйкес, облигацияларды тиісті номиналды бағасына сәйкес, сатып алу күні бойынша жинақталған сыйақысын есепке ала отырып, сатып алуға міндетті.

Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған немесе дұрыс орындамаған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелері бойынша солидарды және судсидиарлы жауапкершілікке ие тұлғалар жоқ.

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы (аталған құқық Эмитенттің органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда):

Эмитенттің осы облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеуге құқығы көзделмеген.

12-1) Ақпараттың мазмұнын, сондай ақпаратты жария қылу тәртібін, мерзімдерін және тәсілін көрсетумен, Эмитенттің облигацияларды иеленушілерге өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат беру, соның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген шектеулердің (ковенанталардың) бұзылу туралы ақпарат беру тәртібі:

Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы, соның ішінде ағымдағы қызметі, облигацияларды иеленушілердің мүдделерін елеулі қозғайтын оқиғалар туралы ақпарат және қаржылық есеп-қисап Қазақстан Республикасының заңнамасымен және мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы келісімшартпен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында және Эмитенттің www.caerpc.kz сайтында орналастырылады.

Сондай-ақ қаржылық есеп-қисап депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында орналастырылады.

13) Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

Облигацияларды орналастыру кезінде алынған ақша қаражаттарын Эмитент айналымдық қаражаттарды толықтыруға бағыттауды жоспарлайды.

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарланатын үлестіруді көрсетілген мақсаттар өзгерілетін жағдайда, Эмитент осы Облигация шығарылымының проспектісіне өзгертулер мен толықтырулар енгізетін болады.

3-1. Сыйақылар төленетін әрбір кезеңнің қимасында облигациялар өтелетін сәтке дейін сыйақылар төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің көздері мен ақша қаражаттарының ағындарының болжамы:

Купондық сыйақы төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін, Эмитент негізгі қызметтен түсетін ақша қаражаттарын болжайды.

Сыйақылар төленетін әрбір кезеңнің қимасында облигациялар өтелетін сәтке дейін сыйақылар төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің көздері мен ақша қаражаттарының ағындарының болжамы (мың теңге)

Бап	1 жартыжылдық 2015	2 жартыжылдық 2015	1 жартыжылдық 2016	2 жартыжылдық 2016	1 жартыжылдық 2017	2 жартыжылдық 2017	1 жартыжылдық 2018	2 жартыжылдық 2018	1 жартыжылдық 2019	2 жартыжылдық 2019	1 жартыжылдық 2020	2 жартыжылдық 2020	1 жартыжылдық 2021	2 жартыжылдық 2021	1 жартыжылдық 2022	2 жартыжылдық 2022	1 жартыжылдық 2023	2 жартыжылдық 2023	1 жартыжылдық 2024	2 жартыжылдық 2024	1 жартыжылдық 2025	2 жартыжылдық 2025	
Операциялық қызмет																							
Қаражаттардың түсімі, барлығы	15 304 990	13 194 639	18 975 810	16 234 609	22 316 980	19 242 990	25 156 347	21 689 779	28 383 798	24 483 620	32 019 332	27 631 040	36 114 350	31 176 588	40 726 758	35 170 424	45 921 696	39 669 023	49 129 140	42 438 778	52 561 106	45 402 418	
өністерді сатуға өткізуден	15 653 985	13 566 276	20 194 650	17 501 371	22 870 931	19 820 728	25 792 264	22 352 454	29 038 442	25 165 703	32 693 181	28 333 024	36 807 908	31 898 979	41 440 492	35 913 741	46 656 135	40 433 795	49 922 064	43 264 161	53 416 609	46 292 652	
аудым капиталына өзгерістер	-623 619	-646 261	-1 319 903	-1 367 826	-655 015	-678 797	-736 980	-763 738	-755 708	-783 146	-774 912	-803 047	-794 604	-823 454	-814 796	-844 380	-835 502	-865 837	-893 987	-926 446	-956 566	-991 297	
болжам (басқа қызмет түрлерінен түсімдер)	274 623	274 623	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063	101 063
Қаражаттардың шығын қалуы, барлығы	-1 159 064	-1 160 536	-1 740 252	-1 742 518	-1 583 109	-1 585 162	-1 184 248	-1 185 758	-1 038 538	-1 039 851	-918 730	-919 880	-820 219	-821 235	-739 220	-740 126	-672 619	-673 434	-672 619	-673 434	-672 619	-673 434	
қаражаттардың қаржылауына шығын қалуы																							
қаражаттардың КТНН өтеуіне шығын қалуы	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	-364 556	-364 952	
басқа шығын қалу	-2 797	-2 796	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
% қарыздар бойынша	-791 712	-792 788	-1 375 697	-1 377 566	-1 218 554	-1 220 209	-819 692	-820 806	-673 983	-674 898	-554 175	-554 928	-455 664	-456 283	-374 664	-375 173	-308 063	-308 482	-308 063	-308 482	-308 063	-308 482	
Қорытындысында операциялардан	14 145 925	12 034 102	17 235 558	14 492 091	20 733 870	17 657 832	23 972 099	20 504 021	27 345 260	23 443 770	31 100 602	26 711 160	35 294 140	30 355 358	39 987 538	34 430 299	45 249 077	38 995 587	48 456 521	41 765 344	51 888 487	44 728 984	
Инвестициялық қызмет																							
Инвестициялардан кері ағым, соның ішінде																							
НҚ инвестициялар (ЖК, акциялардан өтеуін өзін қалау)	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Күрделі активдер	-13 407 894	-16 387 425	-10 555 771	-12 901 498	-9 559 486	-11 683 816	-11 137 974	-13 613 079	-16 816 476	-20 553 471	-19 507 113	-23 842 027	-22 628 251	-27 656 751	-26 248 771	-32 081 831	-30 448 574	-37 214 924	-32 579 974	-39 819 969	-34 860 573	-42 607 366	
Активті сатудан түсімдер																							
Қорытындысында инвестициялардан	-13 407 894	-16 387 425	-10 555 771	-12 901 498	-9 559 486	-11 683 816	-11 137 974	-13 613 079	-16 816 476	-20 553 471	-19 507 113	-23 842 027	-22 628 251	-27 656 751	-26 248 771	-32 081 831	-30 448 574	-37 214 924	-32 579 974	-39 819 969	-34 860 573	-42 607 366	
Қаржылық қызмет																							
Қаржылаушылардан түсімдер	8 121 500	13 121 500	817 000	9 789 650	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Темекетілерден қаражаттар тарту :																							
банк қарыздары	8 121 500	8 121 500	817 000	817 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
облигациялық қарыз	0	5 000 000	0	8 972 650	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа көздер																							
Қарыздан шығарудан кері ағым	-7 690 144	-10 004 844	-4 633 860	-6 878 900	-3 456 008	-13 636 654	-5 592 102	-12 917 634	-2 703 040	-5 087 462	-2 368 207	-10 307 701	-2 359 621	-4 866 337	-2 260 137	-4 830 332	-2 035 137	-15 920 418	-1 610 137	-4 429 888	-1 410 137	-4 427 270	
Дивидендтер төлеу	0	-2 314 700	0	-2 245 039	0	-2 279 025	0	-2 325 532	0	-2 384 423	0	-2 444 805	0	-2 506 716	0	-2 570 194	0	-2 635 281	0	-2 819 750	0	-3 017 133	
Банк қарыздарын өтеу	-6 926 291	-6 926 291	-3 534 967	-3 534 967	-2 306 064	-4 684 621	-4 684 621	-1 909 621	-1 909 621	-1 909 621	-1 909 621	-1 909 621	-1 909 621	-1 909 621	-1 810 137	-1 810 137	-1 810 137	-1 810 137	-1 610 137	-1 610 137	-1 410 137	-1 410 137	
облигациялық қарыздар бойынша пайыздарды алғашқы 3 жылда 6%, келесі жылдары 8% мөлшердеме бойынша өтеу	-763 854	-763 854	-1 098 893	-1 098 893	-1 149 944	-1 149 944	-907 481	-907 481	-793 418	-793 418	-458 585	-458 585	-450 000	-450 000	-450 000	-450 000	-225 000	-225 000	-225 000	-225 000	-225 000	-225 000	
Облигацияларды өтеу	0	0	0	0	0	-7 901 620	0	-5 000 000	0	0	0	-5 494 690	0	0	0	0	0	-11 250 000	0	0	0	0	
басқа көздер																							
Қорытындысында қарыздан шығарудан	431 356	3 116 656	-3 816 860	2 910 751	-3 456 008	-13 636 654	-5 592 102	-12 917 634	-2 703 040	-5 087 462	-2 368 207	-10 307 701	-2 359 621	-4 866 337	-2 260 137	-4 830 332	-2 035 137	-15 920 418	-1 610 137	-4 429 888	-1 410 137	-4 427 270	
Қорытындысында қызметтен ақша қаражаттарының ұлғаяуы/азаяуы	1 169 387	-1 286 667	2 862 927	4 501 344	7 718 376	-7 662 638	7 242 024	-6 026 692	7 825 744	-2 197 164	9 225 283	-7 438 568	10 306 268	-2 167 735	11 478 630	-2 481 864	12 765 366	-14 139 755	14 266 410	-2 484 513	15 617 777	-2 305 653	
Балансқа ақша	2 805 932	3 975 319	2 738 652	5 601 579	10 102 922	17 821 298	10 158 660	17 400 684	11 373 992	19 199 735	17 002 571	26 227 854	18 789 286	29 095 554	26 927 819	38 406 449	35 924 585	48 689 950	34 550 195	48 816 605	46 332 092	61 949 869	
Соңындағы ақша	3 975 319	2 738 652	5 601 579	10 102 922	17 821 298	10 158 660	17 400 684	11 373 992	19 199 735	17 002 571	26 227 854	18 789 286	29 095 554	26 927 819	38 406 449	35 924 585	48 689 950	34 550 195	48 816 605	46 332 092	61 949 869	59 644 216	

3-2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанталар) (егер ол Эмитенттің органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген болса):

Осы облигациялар шығарылымында «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңның 15-ші бабымен белгіленген шектеулер (ковенанталар) қабылданады:

1) Эмитенттің активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығару күніне қарай Эмитенттің активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармау;

2) Эмитенттің облигациялар шығарылымымен байланысы жоқ міндеттемелердің облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне қарай Эмитенттің активтерінің жалпы құнының он пайызынан астамға орындалмауына жол бермеу;

3) Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін өзгертуді көздейтін өзгертулер енгізбеу;

4) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанын өзгертпеу.

Эмитент осы Проспектінің 3-2-ші тармағының 1) -4) тармақшаларында көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, Эмитент облигацияларды иеленушілердің талаптары мәлімденген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жинақталған сыйақыны ескергенде, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигациялардың өтеуін төлеп алуға міндетті.

Эмитент шектеулерді (ковенанталарды) бұзған және осы тармақпен көзделген шарттарды орындамаған жағдайда, өтеуін төлеп алу процедурасы тек облигацияларды иеленушілер берген өтініштердің негізінде жүргізілетін болады. Өтеуін төлеп алуға өтініштерін бермеген облигацияларды иеленушілердің осы Проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналыс мерзімі аяқталған соң өздеріне тиесілі облигациялардың өтелуіне құқығы бар.

Облигацияларды иеленуші өтінішті ерікті нысанда облигацияларды иеленушінің деректемелерін (заңды және нақты мекенжайын, телефондарын, электрондық мекенжайларын, банктік деректемелерін, ЖСН, жеке тұлға үшін жеке басының куәлігінің деректерін) көрсетіп, шектеулер (ковенанталар) бұзылған және жоғарыда көзделген басқа жағдайлардың күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде береді.

«Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4-ші тармағына сәйкес орналастырылған акциялардың өтеуін төлеп алуды Эмитент төмендегі жағдайларда жүргізуге тиіс:

1) Эмитенттің органының облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдауы;

2) қор биржасына оның тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалған ақпарат беру туралы бөлігінде арнайы (листингілік) талаптардың орындалмауының себебінен қор биржасының эмитенттің облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдауы;

3) Эмитенттің облигацияларды иеленушілердің бұрынғы өкілімен келісімшарт үзілген немесе оның қолданылуы доғарылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигацияларды иеленушілердің өкілімен келісімшарт жасаспауы.

«Бағалы қағаздар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18-4-ші тармағында көрсетілген жағдайлар орын алған кезде, Эмитент орналастырылған облигациялардың жинақталған сыйақыны ескерумен облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша, не болмаса қандай шаманың ең үлкен болып табылатынына қарай, облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы ұсынған ковенанталар:

1) облигациялардың Эмитенті мен биржаның арасында жасалған листингілік келісімшартпен белгіленген жылдық және аралық есеп-қисап тапсыру мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

2) облигациялардың Эмитенті мен биржаның арасында жасалған листингілік келісімшартпен белгіленген облигациялардың Эмитентінің жылдық қаржылық есеп-қисап бойынша аудиторлық есептемелер тапсыру мерзімдерін бұзуға жол бермеу.

Эмитент осы тармақтың «Қазақстан қор биржасы» АҚ Листингілік комиссиясы ұсынған ковенанталар» бөлімінің 1)-2) тармақшаларымен көзделген шарттарды бұзған жағдайда, Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап үш жұмыс күнінің ішінде өзінің ресми сайтында (www.caerco.kz), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында, қаржылық есеп-

кисап депозитарийінің www.dfo.kz ресми сайтында көрсетілген ковенанталардың бұзылғаны туралы хабар жариялауды міндетіне алады. Егер Эмитент аталған хабарды жариялаған күннен бастап үш ай өткен соң Эмитент көрсетілген ковенанталардың бұзушылығын жоймаса, Эмитент облигацияларды иеленушілердің талаптары мәлімденген (хабар жарияланған күннен бастап үш ай өткен соң) күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде жинақталған сыйақыны ескергенде, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигациялардың өтеуін төлеп алуға міндетті.

Эмитент шектеулерді (ковенанталарды) бұзған жағдайда, өтеуін төлеп алу процедурасы тек облигацияларды иеленушілер берген өтініштердің негізінде жүргізілетін болады. Өтеуін төлеп алуға өтініштерін бермеген облигацияларды иеленушілердің осы Проспектіде көрсетілген аталған шығарылымның айналыс мерзімі аяқталған соң өздеріне тиесілі облигациялардың өтелуіне құқығы бар.

Облигацияларды иеленуші өтінішті ерікті нысанда облигацияларды иеленушінің деректемелерін (заңды және нақты мекенжайын, телефондарын, электрондық мекенжайларын, банктік деректемелерін, ЖСН, жеке тұлға үшін жеке басының куәлігінің деректерін) көрсетіп, Эмитенттің ковенанталарды бұзғаны туралы хабар жарияланған күннен бастап үш ай өткен сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде береді.

4. Опциондар туралы ақпарат:

Осы шығарылымның облигациялары бойынша опциондар көзделмеген.

5. Айырбасталатын облигациялар:

Шығарылым айырбасталатын болып табылмайды.

6. Облигацияларды орналастыру тәсілі:

1) облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

Облигациялар жазылу және/немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдаспаған нарығындағы аукцион жолымен облигациялардың айналысының бүкіл мерзімінің ішінде орналастырылады.

2) акцияларға айырбасталатын облигацияларды жазылу жолымен орналастыру кезінде айырбастау шарттары көрсетіледі:

Шығарылым айырбасталатын болып табылмайды.

3) облигациялардың ақысын төлеу шарттары және тәртібі:

Облигациялардың ақысы қолма-қол ақшасыз нысанда ақша қаражаттарымен төленеді. Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында орналастырылатын кезде облигациялардың ақысын төлеу шарттары және тәртібі, есеп айырысу тәсілдері сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Облигациялар дефолт жағдайында берешекті қайта құрылымдау тәртібінде орналастырылатын жағдайда, облигациялардың ақысын төлеу қайта құрылымдау жоспарына сәйкес және онымен белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Президент

Бас бухгалтер



Амирханов Е.А.

Касымханова К.Э.

Всего прошито и пронумеровано

43

лист А



«Қазақстан Республикасының Улттық Банкі»
ТІРКЕДІ
2015 ж. «03 желтоқсан»